

## **Әскери мүлікті сатудан және жалға беруден алынған қаражатты пайдалану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 13 маусымдағы N 971

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің материалдық базасын нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің республикалық бюджетте бекітілген әскери мүлікті сатудан түсетін қаражатқа қосымша әскери мүлікті ( қару-жарақты, әскери техника мен объектілерді, басқа материалдық ресурстарды) сатудан және жалға беруден алған, осы қызметті жүзеге асыру жөніндегі шығыстарды шегергендегі қаражат толық көлемінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мұқтажына жұмсалады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі осы қаулының 1-тармағында көрсетілген қаражатты аудару үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банкінде арнайы банкілік шот ашсын және ол қаражаттың Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мұқтажы үшін мақсатқа сай жұмсалуын қамтамасыз етсін.

3. "Әскери мүлікті сатудан алынған қаражатты пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 қыркүйектегі N 1179-54қ қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі